

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 наурыздағы N 209 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оған "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрілік заттарды сараптау және стандарттау жөніндегі республикалық базалық зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 н а у р ы з д а ғ ы
N 2 0 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 41, 3 7 1 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік республикалық меншікте қалатын ұйымдардың, сондай-ақ тұрғын емес қор объектілерінің тізбесінде: реттік нөмірі 130-жол алынып тасталсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.**

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК